

Орта білім беру ұйымдарында  
білім алушыларды  
тамақтандыруды ұйымдастыру,  
сондай-ақ мектепке  
дейінгі ұйымдарда, жетім  
балалар мен ата-анасының  
қамқорлығынсыз қалған  
балаларға арналған білім беру  
ұйымдарында тәрбиеленетін  
және білім алатын балаларды  
тамақтандыруды қамтамасыз  
етумен байланысты тауарларды  
сатып алу қағидаларына  
4-қосымша

нысан

## Конкурс туралы хабарландыру

«Мақтаарал ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Мекен-жайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жеңіс көшесі №10 үй. БСН 060240011974, KZ10070103KSN5810000, (БСК) ККМФКZ2А, ММ коды 4649606, ҚР Қаржы Министрлігінің Қазынашылық комитеті ММ, байланыс телефондары: 8 (72541) 21-0-50, электрондық почта: [roo\\_maktaral@mail.ru](mailto:roo_maktaral@mail.ru) Мақтаарал ауданының білім бөліміне қарасты мектептердегі тегін тамақтануға құқығы бар білім алушыларды және аудандық білім бөліміне қарасты 56 мектептердегі 10-сынып оқушыларын оқу-жаттығу-далалық жиындары кезінде тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет берушіні таңдау жөніндегі Конкурсы өткізілетіні туралы хабарлайды.

Көрсетілетін қызметті немесе тауарды сатып алу жөніндегі осы конкурс (лот) үшін бюджет қаражаты есебінен бөлінген сома **52099200** (елу екі миллион тоқсан тоғыз мың екі жүз) теңгені, 56 мектептердегі 10-сынып оқушыларын оқу-жаттығу-далалық жиындары кезінде 908 (тоғыз жүз сегіз) адамды тамақтандыруды ұйымдастыру **5 713 000** (бес миллион жеті жүз он үш мың) теңгені құрайды. Бір білім алушыны тамақтандыру құны-**324** (үш жүз жиырма төрт) теңгені, ал 10-сынып оқушыларын оқу-жаттығу-далалық жиындары кезінде тамақтандыру **1258,37** (бір мың екі жүз елу сегіз теңге) 37 тиынды құрайды.

Мақтаарал ауданының білім бөліміне қарасты 56 жалпы орта мектептердегі білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру қызметі орта білім беру ұйымында білім алу уақытында **2019 жылдың 01 сәуірінен- 31 желтоқсанға** дейінгі мерзімде тегін тамақтануға құқығы бар білім алушыларды тамақтандыруды ұсынуды ал аудандық білім бөліміне қарасты 56 мектептердегі 10-сынып оқушыларын оқу-жаттығу-далалық жиындары кезінде **908** (тоғыз жүз сегіз) адамды тамақтандыруды ұйымдастыру **2019 жылдың 20-шы сәуірі мен 30-шы сәуірі** аралығын көздейді.

Барлығы – **57** лот, оның ішінде 56 лот аудандық білім бөліміне қарасты 56 мектептердегі тегін тамақтануға құқығы бар білім алушыларды тамақтандыруды және 1 лот аудандық білім бөліміне қарасты 56 мектептердегі 10-сынып оқушыларын оқу-жаттығу-далалық жиындары кезінде тамақтандыруды ұйымдастыру.

Конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін барлық әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберіледі.

Конкурстық құжаттама көшірмелерінің топтамасын 2019 жылғы 20-шы ақпаннан 11-наурызға дейінгі мерзімді қоса алғанда мына мекенжай бойынша: Мырзакент кенті, Жеңіс көшесі №10 үй, мемлекеттік сатып алу секторы кабинетінен, конкурс хатшысы Ғ.Оспановтан сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін және/немесе интернет-ресурсынан алуға болады.

Конвертке салынған конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді әлеуетті өнім берушілер «Мақтаарал ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мына мекенжай

бойынша Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент кенті, Жеңіс көшесі №10 үй мемлекеттік сатып алу секторы кабинетіне, конкурс хатшысы Ғ.Оспановқа жібереді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер берудің соңғы мерзімі 2019 жылғы 12 наурызы сағат 15:00-ге дейін.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер бар конверттер 2019 жылғы 12 наурызы сағат 16:00-де (уақыты мен күні көрсетілсін) мына мекенжай бойынша Мырзакент кенті, Жеңіс көшесі №10 үй мемлекеттік сатып алу секторы кабинетінде ашылады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: 87077107410.